

«Білім саласын психологизациялау»- білім субъектілерінің психологиялық денсаулығын сақтау және бекіту және қауіпсіз жағдайларды жасау, дискриминация формаларынан қорғау мақсатында агрессиялы әлеуметтік ортада ол альтернативті ретінде бола алады.

«Қазіргі жаңа білім беру ортасындағы студенттердің жәрдемсіздігіне психологиялық көмек беру»- яғни студенттердің позитивті өзіндік қатынасы, жауапкершіліктің конструктивті компоненттері, үлкен ұғынушылық, өзін қадағалау сияқты көптеген психологиялық ресурстарды дамыту мәселесі қаралады.

«Оқытушының үнемі шаршау мәселесі» -шаршау оқытушының іс-әрекетіне тікелей әсер етеді, психологиялық денсаулығы томендейді, мазасыздану, ашуланшақтық, депрессияға бару, невротикалық реакциялар жоғарылайды. Сондықтанда оқытушыларды психологиялық диагностикадан өткізін тұру керек. Зерттеулер көрсеткендей оқытушыларының 23,91 % физикалық шаршау, сақталып кеткен шаршау 44,43 %, ақыл-ой шаршау 29 %. Әрбір бесінші оқытушыда 35 % сақталып кеткен шаршау табылған.

«Экономикалық инновацияның білім беру ортасына әкелген психологиялық салдары». Жаңа уақыт талабына сай оқытушылардың жалақысын әртүрлі деңгейде бағалау әрбір адамға психологиялық салдар тудырады.

5.02-8.02.2013 - Италия, Рим қаласында өткен білім мәселесі бойынша өткен 5-халықаралық конференция- конференция материалдарында білім саласының психологиялық мәселелері, оқыту процесіне сәйкес психологиялық сұрақтар көптеп талданды. Білім саласындағы инновациялық іс-әрекеттің негізгі аспектілері, оқу персоналдардың инновацияларға психологиялық дайындығы, инновацияларды жою ендіру әдістемелері, инновацияларды басқарудың психологиялық аспектілері, инновацияларға қатысты персоналдарды топтастыру және өзгерістерге қатысты қарсыласу есебтері, инновацияларды психологиялық қамтамасыз ету міндеттері сияқты аса маңызды зерттеулер талқыланды.

Барлық қатысқан конференциялардағы зерттеулерден көптеген тәжірибелерді ала отырып, бүгінгі уақыт талабына сай көптеген психологиялық мәселелерге арналған зерттеулерді өз елімізде де жүргізу мақсатын негіздедік.

1.XXX Congress of Psychology. Cape town. South Africa -22-27july 2012

2. 2nd Annual International Conference on Cognitive and Behavioral Psychology (CBP 2013)- 25 - 26 February 2013,

Singapore

3.WCES 2013. The 5th world conference on educational sciences which will be held in university of sapienza, 5-8 february 2013, Rome- Italy

4.The 13-European Congress of Psychology. Stockholm. Sweden 9-12 july 2013

С.М. Болысбаева, Ғ.А. Кенжакимова, Т.А. Морозова

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ҚҰЗЫРЕТТІ- БАҒЫТТАЛҒАН ӘДІС

Бүгінгі таңда мемлекет қазіргі білім беру процесіне жоғары талаптар қойып отыр. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау, жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» [1] деп атап көрсетілген. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану секілді мәселелерді анықтап алу, білім беру жүйесіндегі басты ұстаным ретінде әркімнің өзінің білім алуға деген жеке әлсуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді көздейді.

Жоғары кәсіби білім беру жүйесінің жаңаруы елдің инновациялық даму жолына, мамандарды дайындаудың жаңа білім беру моделіне өтуімен байланысты. Бұл білім берудегі құзыреттілік әдіске негізделгендіктен құзыретті модель деп аталады.

Қазіргі қоғамға белсенді, шығармашылық бағытта ойлай білетін, ғылыми ақпараттарды өз бетімен іздеуге дайын, сонымен қатар алған ғылыми білімін тәжірибеде қолдана білетін жаңа формацияның мамандары қажет. Көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың пікірінше, білім беру процесі жаңарту мен заман талабына сай мамандарды дайындаудың перспективті бағыты

ретінде құзыретті әдісті қарастыруға болады. ЖОО студенттеріне білім беру мекемелеріне құзыретті әдісті ендіру білім беру, біліктілік және дағды сияқты қабілеттерді қалыптастыруға септігін тигізуі қажет.

Мамандарды дайындаудың бұл әдісінің негізінде жоғары оқу орындарының түлектері игеруге тиіс құзыреттіліктер жатыр (құзыреттілік – білім, біліктілік және түрлі өзгеріс жағдайларында маманға кәсіби және әлеуметтік қызметтерін жемісті түрде жүргізуге мүмкіндік беретін жеке қасиеттер). Жоғары кәсіби білім берудің құзыретті білім беру моделін құру түлектердің және оларды мемлекеттік білім беру стандартының негізінде дайындаудың жаңа моделін құруға бағытталады.

Дәстүрлі, білімге бағытталған білім беру саласының басты мәселесі – студенттердің пәндік теориялық білімдерінің жоғары болуы, бірақ ол білімдерін тәжірибеде қолдана алмауы сияқты қиындықтарда екені барлығына мәлім. Құзыретті әдіс түлектерді өз ісінің маманы ретінде дайындаудың қорытындысына үлкен мән береді. Мұндағы қорытынды қабылданған ақпараттардың жиынтығы емес, маманның түрлі кәсіптік, педагогикалық, коммуникативті жағдайларда алынған кәсіби білімдері мен біліктіліктерін тиімді пайдалана отырып, қажетті іс-әрекеттерді атқаруы.

Бұл жайлы Б.Тұрғанбаева «... өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзырлылықтар деп атаймыз» деп анықтаса, Ресей ғалымы Н.Кузьминаның көзқарасы бойынша, «Құзырлылық дегеніміз - педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлығы» дейді.

Латын тіліндегі «компетенс» сөзін ғалым К. Құдайбергенова «Құзырлылықты білімін, біліктілігін, дағдысын, тұлға мінез-құлқын, ең бастысы тұлға мүмкіндігін бағалаудың критерийі мақсатында қарастыру құзырлылық маңызын толық аша алады. Олай болса, құзырлылық, нәтижеге бағдарланған жана білім беру жүйесінің сапалық критерийі ретінде әлеуметтік және өмірлік көзқарастарды есепке алу қажет» деп жазса, Б.Тұрғанбаева «Құзырлылыққа бағытталған оқыту үрдісінде тәжірибелік жолмен мәселені шешу мүмкіндігі молаяды. Осы жағдай біліктілікті арттырудағы екінші үлгіге көшірудің негізі бола алады. Өйткені, құзырлылыққа бағытталған үлгіде білім алушылардың өздерін ұйымдастыру - басты мақсаты» деп көрсетеді.

Қ. Құдайбергенова «Құзырды әртүрлі кенеттен болған ситуацияларда мәселелерді шешу үшін қажетті білімді немесе әрекетті көрсете білу қабілеті, білім мен өмірлік ситуация арасындағы байланысты орнату мүмкіндігі ретінде, ал құзырлылықты адамның өзіндік деңгейіне, даралық қасиеттеріне тікелей байланысты тұлғалық, теориялық, практикалық өлшеу дәрежесі жоғары деңгейде кіріктірілген құрылым ретінде қарастыру ұсынылады» [2] деген тоқтам жасайды.

В.А. Болотов пен В.В. Серіковтардың пікірінше, «құзыретті әдіс оқушылардың ақпараттандырылғандықтарын емес, келесідей жағдайларда туындайтын мәселелерді шеше білу қабілетін алға тартады»:

1. ақиқаттың құбылыстарын тану мен түсіндіруде;
2. заманауи технологияларды игеруде;
3. адамдармен қарым-қатынасқа түсуде, этикалық нормаларда, өз іс-әрекетін бағалау кезінде;
4. күнделікті тұрмыста азамат, отбасы мүшесі, тұтынушы, сайлаушы сияқты әлеуметтік рөлдерді атқару кезінде;
5. құқықтық нормалар мен әкімшілік құрылымдарда, тұтынушылық және эстетикалық бағалауларда;
6. еңбек нарығына бағытталуға қажет уақытта мамандық таңдау кезінде және кәсіби білім беру мекемесінде оқуға дайын екендігін бағалау кезінде;
7. өмірдегі өзіндік орнын табу, өмір салты мен стилін таңдау, қақтығыстарды реттестіру сияқты жеке мәселелерді шешу кезінде [3].

«Білім беру процесіндегі құзыретті әдіс оқушылардың бір-бірінен алшақ білім мен біліктілікті меңгеруін емес, әр болінген бағытқа сәйкес білім беру компоненттерінің жиынтығы бар кешенді процедураны меңгеруін алға тартады» [4].

Құзыретті бағытталған әдіс екі негізгі ұғымды қолданады, олар құзырет және құзыреттілік. Бұл терминдердің мағынасы туралы әр түрлі көзқарастар төңірегіндегі пікірталастар әлі күнге дейін жалғасын табады. Авторлардың басым бөлігі сөздіктерге жүгінеді. Бірақ бұл сөздіктердің өзінде аталған терминдерге түрлі сипаттама беріледі.

А.И. Субеттоның пікірімен келісе отырып [5], бұл терминдерге келесідей анықтама беруге болады. Құзырет – адамның іс-әрекет түріне және саласына байланысты атқаратын қандай да бір әрекетке бару мүмкіндігін айқындайтын қасиеттерінің компоненті. Бұл қоғамдағы өзінің рөліне сәйкес адамға қойылатын талаптар деңгейі десе де болады. Өмірдегі мәселелерді шешуде өз құзыреттіліктерін жұмылдыра білу мен актуализациялай білу құзыреттілік деп аталады. Бұл

анықтамалар екі ұғым арасындағы ерекшеліктерді анықтап береді. Құзырет әлеуетті мүмкіндік немесе белгілі бір жағдайлар шеңберінде орын алатын сұрақтардың жауаптарын таба білу, яғни белгілі бір әс-ірекеттің потенциалды сипаты [6]. Ал құзыреттілік қандай да іс-әрекет саласында нақты жағдайда адамның қандай да бір мәселелерді шеше білуімен сипатталады. Тіпті өзіндік формуласы да бар: құзыреттілік – белгісіздік жағдайында шешім қабылдай білу қабілеті.

Осылайша, құзыретті әдіс адамның қандай да бір құзыреттерін, мүмкіндіктерін дамытуға, нақты жағдайларда сол құзыреттерін тиімді пайдалануға бағытталады. Бағытталады.

Құзыреттілік әдіс білімдік парадигмадан біртіндеп түлсктердің қазіргі көпфакторлы әлеуметтік-саяси, нарықтық-экономикалық, коммуникациялық және ақпараттық қаныққан кеңістік жағдайында тіршілік ету қабілетін көрсететін құзыреттер кешенін игеруге жағдай жасау дағдыларын қалыптастыруға қарай бет бұруды білдірді.

Ғалымдар білім бсрудегі құзыреттілік тәсілді жүзеге асырудың төрт аспектісін ажыратады:

1. түйінді құзыреттер;
2. жалпыланған пәндік біліктіліктер;
3. қолданбалы пәндік біліктіліктер;
4. өмірлік дағдылар.

Бұл төрт бағыттың бәрі болашақ мамандар үшін өте қажет. Бұлардың әрқайсысын орындау жоо түлсктерінің құзыреттіліктерін, олардың университетті бітіргеннен кейін жұмысқа дайындығын арттыруға себептесетін болады.

Бүгінгі қоғамның мүшесі сол қоғамның талаптарына, атап айтқанда өз әлеуметтік ролін атқаруға дайын болуы тиіс екендігі сөзсіз. Бұл үйлесімділікті көптеген анықтамаларды енгізіп отырып, құзырет және құзыреттілік ұғымдары арқылы сипаттауда.

Бұл түсіндірмелердің әрқайсысының негізінде «білуі тиіс» деген ұғым жатыр. Шынымен, көрсетілген деректерде солай жазылған: «зерттеу» - тәжірибеден пайда табу, «іздеу» - құжаттармен жұмыс істеу, «бейімделу» - жаңа коммуникациялық технологияларды пайдалана білу және жаңа шешім қабылдай білуді білдіреді. Саяси және әлеуметтік құзыреттіліктер өз мойнына жауапкершілікті алу, бірлесіп шешім қабылдауға қатысу, қақтығыстарды күш қолданусыз шеше білу, демократиялық институттарды функционалдау және жақсартуға атсалысумен байланысты. Коммуникативті құзыреттер келесідей сипат алады: өзін көрсете білуі тиіс, хат жаза білу, анкета құру, өтініш жазу, сұрақ қоя білу, пікір-талас жүргізе білуі тиіс.

Құзыреттілік тек білім алушыларға, мамандық алушыларға ғана байланысты қолданылмайды. Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген. Құзыретті-бағытталған әдіс қазіргі заман талабына сай оқытушылар қауымын дайындауға да бет бұрады. Студенттер оқытушы қауымнан тек білімге ғана емес, өмірге үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр. Демек, болашақ оқытушылар осы ақпараттық қоғамнан қалыспай: жедел ойлаушы: жедел шешім қабылдаушы: ерекше ұйымдастырушылық қабілетті: нақты бағыт-бағдар беруші болып шығуы – бұл қазіргі заманның талабы. Міне, құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ оқытушы – қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзыреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

Мұндай құзырлылықтың қатарына мыналар жатады:

- бағдарлы құзыреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық, т.б);
- мәдениеттанымдылық құзыреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);
- оқу-танымдық құзыреттілік (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу);
- коммуникативтік құзыреттілік (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы);
- ақпараттық-технологиялық құзыреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);

• әлеуметтік- еңбек құзіреттілігі (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті);

• тұлғалық өзін-өзі дамыту құзіреттілігі (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті).

Аталған құзіреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда оқытушы қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзіреттіліктерінің жан-жақты болуы талап етіледі. Егер оқытушы өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана студент құзіреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады. Бір сөзбен айтқанда, тұлғаға бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан-жақты дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарына қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтің де құзіреттілігіне байланысты болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы //Астана. 2004. 3-4б.
2. К. Құдайбергенова. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий // «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 2008. 30- 32-б
3. Болотов В.А., Сериков В.В. Компетентностная модель: от идеи к образовательной программе // Педагоги- ка. - 2003. - №3. - С. 8-15.
4. Хуторской А.В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования // Народное образование. - № 2. - 2003. - С. 58-.
5. Субетто А.И. Компетентностный подход. //Монография. -М.: 2007.
6. Воронов М.В., Слива А.В., Фокина В.Н. Компетентностное обучение в условиях информационно-коммуникационных дистанционных образовательных технологий. //Открытое и дистанционное образование. Томск, 2008, №3 (31). С. 29-35.
7. Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, 174-бет

С.М. Джакупов, Н.С. Жубаназарова, А.А. Толегенова, Г.К. Нареге

КОММУНИКАТИВНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ИННОВАЦИОННОЙ И ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЙ АКТИВНОСТИ МОЛОДЫХ ЛЮДЕЙ

В рамках множества современных исследований в области психологии учеными не раз предпринимается попытка оценки коммуникативных особенностей молодежи, вовлекаемой в инновационную и предпринимательскую сферу деятельности. Также часто акцент в исследованиях делается на взаимосвязи коммуникативности с параметрами личностного потенциала [1-3].

Придерживаясь определения Д.А. Леонтьева [4, 5], важно упомянуть, что личностный потенциал - это системная организация личностных особенностей человека, прямо соотносящаяся с мерой его личностной зрелости, обеспечивающая, с одной стороны, устойчивость его смысловых ориентации, а с другой стороны, возможность изменения стратегии и тактики поведения в изменяющихся ситуациях. Высокий личностный потенциал позволяет человеку эффективно справляться с возникающими проблемами в различных сферах жизни и организовывать собственное жизненное пространство. Важными параметрами личностного потенциала являются, в частности, жизнестойкость, толерантность к неопределенности и способность к самоорганизации деятельности [4], а также степень профессиональной мотивации.

Жизнестойкость человека характеризует меру его способностей выдерживать стрессовые ситуации, сохраняя внутреннюю сбалансированность и эффективность мышления, которые обеспечивают успешность поведения. Оценить жизнестойкость человека можно используя Тест Жизнестойкости С. Мадди (ТЖ, в адаптации Д.А. Леонтьева и Е.И. Рассказовой). В структуру жизнестойкости входят три относительно самостоятельных компонента: «вовлеченность», «контроль», «принятие риска» и такие базовые ценности, как кооперация (cooperation), доверие (credibility) и креативность (creativity). Мы придерживаемся точки зрения, что жизнестойкость представляет собой особую компоненту инновационного потенциала, необходимую для продвижения инновативной модели развития современного общества [6-8]. Важной характеристикой человека, ориентированного на инновационную и предпринимательскую деятельность, является его

калыптастырудағы функционалды грамматиканың рөлі.....	211
Баймуратова И.А. Шетел тілін оқытуда категе талдау жасаудың рөлі.....	214
Есембеков Т.У. Прозалық мәтінді дискурстық тұрғыдан талдау амалдары.....	216
Жаримбетова Р.Н. Преимуществаэкстенсивного (обширного) и интенсивногочтения для развития языка.....	219
Жубанова К.Х., Набижанкызы З., Омарова Ш.Б. Использование видеопрограмм в обучении иностранному языку.....	222
Карабаева Б.Н., Абылкасова А.Б. Метод проектов на занятиях по английскому языку в неязыковом вузе.....	225
Ломаченко Н.Л. Методические приемы в обучении аудированию.....	228
Махметова Д.М., Анекова Р.Н., Луговская Л.Е. Проектные работы проблемной тематики в учебном процессе студентов научно-естественных специальностей, как путь совершенствования языковой компетенции	230
Мұсалы Л.Ж. Проблемаға бағдарланған оқыту (пбо) әдісі жөнінде.....	234
Окушева Г.Т.,Мулдагалиева А.А. О некоторых особенностях оценки навыков и умений по иностранным языкам.....	236
Сарсекеева Н.К. Компетентностно-ориентированный подход в проектировании и проведении срс по литературоведческим дисциплинам в магистратуре.....	238
Смагулова А.С. Шетел тілін оқыту барысындағыбілім беру нәтижелерінбағалаудыңкритериалдықамаалдары.....	241
Сутгибаев Н.А., Исабаева Б.К. Шетел тілінде білім берудегі мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілікті қалыптастырудағы оқыту материалдары.....	244
Тасымов А. Филолог мамандардың тілдік құзырсттілігін қалыптастыруға бағытталған тіл ерекшеліктері.....	247
Тастемирова Б.И., Омарова Ш.Б. Контроль в обучении иностранному языку.....	248
Абдрешова Р.Н. Білім беру жүйесіндегі оқу үлгеріміне байланысты педагогикалық-психологиялық мәселелер.....	251
Асанов Н.А., Жуасбай А. Болашақ әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану мамандарының рефлексивті құзыреттілігі.....	254
Асанов Н.А., Манасова А. Жоғары оқу орындарында оқу-әдістемелік жұмысын ұйымдастырудың инновациялық технологиялары.....	257
Асанов С.М. Мектеп оқушыларын әлеуметтендіру мәселесінің ғылыми – практикалық жұмыстарда талдануы.....	260
Байшукурова А.К, Ахтаева Н.С. Профессиональное самосознание педагога и его развитие.....	262
Бейсенов Б. Жастарды рухани құндылықтар негізінде тәрбиелеу.....	265
Бердібаева С.Қ., Сахиева Ф., Адилова Э., Сраж Ж. Әлемдік психологиядағы зерттеулер бағытындағы оқыту мәселелері (шет елдік конгресс-конференция тәжірибелерінен).....	269
Болысбаева С.М., Кенжакимова Г.А., Морозова Т.А. Жоғары оқу орындарында білім беру процесіндегі құзыретті-бағытталған әдіс.....	272
Джакупов С.М., Жубаназарова Н.С., Толегенова А.А., Нареге Г.К. Коммуникативные особенности инновационной и предпринимательской активности молодых людей.....	275
Джаамбаева Б.А., Сыргакбаева А.С Роль гуманитарного образования в современном университете.....	279
Ельбаева З.У., Ертарғынқызы Д. Кредиттік технология жағдайындағы студенттердің оқу мотивациясы мен оларды ынталандыру жолдары.....	281
Жаназарова З.Ж., Нурбекова Ж.А. Условия формирования корпоративной культуры преподавателей университета.....	287
Жубаназарова Н.С., Камзанова А.Т., Пахратдинова Б., Нареге Г.К. Коммуникативная компетентность современных студентов.....	290
Кантарбаева Ж.У. Инновационные методы и технологии в современной сфере образования.....	292
Ким А.М., Садыкова А.Т., Ахметова Д.Б. Проблема измерения и формирования инструментальных и системных компетенций в контексте психологии понимания.....	295
Ким Л.М., Мухитденова А.Т. Конкурентоспособный специалист как товар на рынке труда..	298
Кожаметова К.Ж. Компетентностный подход в системе профессиональной подготовки социальных педагогов.....	300
Кулжанова С.А. Оқушылардың ой белсенділігін дамыта отырып,шығармашылыққа баулу..	304

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ



**«БІЛІМДІ БАҒАЛАУДЫҢ
ҚҰЗЫРЕТТІ-БАҒДАРЛЫ ЖҮЙЕСІ»**

**44-ші ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

17-18 қаңтар 2014 жыл

1-кітап

МАТЕРИАЛЫ

44-ой научно-методической конференции

**«КОМПЕТЕНТНОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННАЯ СИСТЕМА
ОЦЕНКИ ЗНАНИЙ»**

*** 17-18 января 2014 года**

Книга 1

Алматы
«Қазақ университеті»
2014